

**"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 174 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 желтоқсанда № 33818 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21904 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2023 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 174

Бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
міндетін атқарушының  
2020 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ ҚР ДСМ - 321/2020  
бұйрығымен бекітілген

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 99) тармақшасына сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ағымдағы мониторинг – денсаулық сақтаудың медициналық ақпараттық жүйелерінде (бұдан әрі – ДСМАЖ) және (немесе) форматтық-логикалық бақылауды пайдалана отырып және (немесе) денсаулық сақтау субъектісіне бару арқылы медициналық ақпараттық жүйелерде тұрақты негізде жүргізілетін, ағымдағы есепті кезеңде медициналық көрсетілетін қызметтерді (көмекті) бағалауды білдіретін медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлеміне мониторинг (бұдан әрі – медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлеміне мониторинг) жүргізу түрі;

2) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – қор) - аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін

денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

3) бастапқы медициналық құжаттама – халықтың денсаулық жағдайы туралы деректерді жазуға арналған құжаттар жиынтығы;

4) бейінді маман - жоғары медициналық білімі бар, белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар медицина қызметкері;

5) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі - бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және нәтижелерге қол жеткізуге жауапты мемлекеттік орган;

6) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсету сапасы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) денсаулық сақтау субъектілері - денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жекеше медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

8) жоспардан тыс мониторинг - медициналық қызметтер (көмек) көрсету тәртібін бұзудың нақты фактілері мен мән-жайлары бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмек) сапасы және (немесе) көлемі мониторингінің түрі;

9) қордың филиалы - қордың орналасқан жерінен тыс орналасқан және оның функцияларының бәрін немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі;

10) қызметтер беруші - қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

11) медициналық ақпарат - медициналық көмек көрсету процесінде туындайтын және медициналық құжаттар мен медициналық ақпараттық жүйелерде көрсетілген пациенттер мен аурулар туралы ақпарат, сондай-ақ денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі ақпарат;

12) медициналық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – МАЖ) – денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

13) медициналық көмек - дәрілік қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер (көмек) кешені;

14) медициналық көмек көрсету ақауы (бұдан әрі – ақау) - медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын сақтамаудан және клиникалық хаттамалардан негізсіз ауытқудан көрінетін медициналық қызметтер (көмек) көрсету тәртібінің бұзылуы, сондай-ақ медициналық қызмет (көмек) көрсетудің расталмаған жағдайының және (немесе) медициналық қызметтер (көмек) құнының (шығын сыйымдылығы коэффициентінің, тарифтің) негізсіз жоғарылауының фактісі, сондай-ақ медициналық қызметтер (көмек) көрсету мерзімдерінің сақталмауы;

15) медициналық көрсетілетін қызметтер - денсаулық сақтау субъектілерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдік, оңалту және паллиативтік бағыты бар іс-әрекеттері;

16) медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) көлемі - қызмет беруші мен қор немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің арасындағы медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген медициналық көмек көрсетудің түрлері, нысандары мен шарттары бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) тізбесі;

17) медициналық көрсетілетін қызметтерді (көмек) тұтынушы - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқығы бар жеке тұлға;

18) медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік орган - медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы басшылықты, медициналық қызметтер (көмек) сапасын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

19) медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын елеулі бұзушылықтар – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарын, медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын, медициналық көмек көрсету қағидаларын, сондай-ақ клиникалық хаттамаларды сақтау жөніндегі медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарын бұзушылықтар;

20) медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының шамалы бұзылуы - елеулі бұзушылықтарға жатпайтын бұзушылықтар, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы заңнаманың талаптарына, медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарына сәйкес келмеуі;

21) нысаналы мониторинг - медициналық қызметтің белгілі бір түрлері, медициналық көмектің түрлері бойынша жүргізілетін медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемі мониторингінің түрі;

22) проактивті мониторинг - медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына, медициналық көмек көрсету қағидаларына, сондай-ақ клиникалық хаттамаларға сәйкес медициналық қызметтер (көмек) көрсетуді бұзуға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтауға және алдын алуға бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемі мониторингінің түрі;

23) тәуелсіз сарапшы - уәкілетті орган айқындайтын талаптарға сәйкес келетін және тәуелсіз сарапшылар тізілімінде тұрған жеке тұлға;

24) ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді (көмек) сатып алу шарты (бұдан әрі – қызметтерді сатып алу шарты) – ТМККК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуді көздейтін қор мен денсаулық сақтау субъектісі арасындағы жазбаша нысандағы келісім;

25) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуын мониторингтеу –көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын және медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмек) сапасы мен көлемі жөніндегі шарттық міндеттемелерді тиісінше орындау бойынша жүйелі бағалау;

26) ТМККК-ні қосымша қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты - жергілікті бюджет есебінен ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуді көздейтін, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мен денсаулық сақтау субъектісі арасындағы жазбаша нысандағы келісім;

27) форматтық-логикалық бақылау (бұдан әрі – ФЛБ) – ДСМАЖ және МАЖ пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған ДСМАЖ және МАЖ-ға белгіленетін бағдарламалық шектеулер кешені.

3. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторингті қор және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүргізеді.

**2-тарау. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу тәртібі**

**1-параграф. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу тәртібі**

4. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ТМККК шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады.

5. ТМККК шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуын мониторингілеу Кодекстің 115-бабының 3 -тармағына сәйкес медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына, медициналық көмек көрсету қағидаларына, сондай-ақ клиникалық хаттамаларға сәйкес қызмет берушінің кадр және материалдық ресурстарын, медициналық ақпаратты зерделеу арқылы жүргізіледі.

6. ТМККК шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг ДСМАЖ-да және (немесе)

қызмет берушіге барып, сондай-ақ олар МАЖ-да болмаған кезде қызмет берушіден медициналық құжаттарды сұрау арқылы жүргізіледі.

7. ТМККК шеңберінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының тиісінше орындалуын бағалау бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жылына 1 (бір) реттен жиі емес жүргізіледі.

8. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерге мониторинг жүргізу үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-103/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21218 болып тіркелген) бекітілген Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына сараптама жүргізу кезінде тәуелсіз сарапшыларды тарту қағидаларының (бұдан әрі – Тәуелсіз сарапшыларды тарту қағидалары) 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тәуелсіз сарапшыларды тартады.

9. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелердің мониторингі тұрақты негізде жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21831 болып тіркелген) сәйкес (бұдан әрі – Ақы төлеу қағидалары) қызмет берушілерге көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жүргізіледі.

10. Ағымдағы мониторингті жүргізу үшін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ДСМАЖ-да осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ФЛБ белгілеген ақауларды растай отырып немесе қабылдамай, сондай-ақ ақауларды бірыңғай ақаулар жіктемесінен (бұдан әрі - БАЖ) ақауларды бере отырып, қызмет беруші көрсеткен медициналық қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлеміне бағалау жүргізеді.

11. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемі мониторингінің нәтижелері бойынша медициналық көрсетілетін қызметтің түрлері мен медициналық көмектің түрлері бойынша БАЖ-ға сәйкес қызмет берушіге төленуге жататын соманы азайту үшін негіз болып табылатын медициналық көмек көрсетудің ақаулары айқындалады.

12. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарын орындау мониторингінің қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемінің мониторингі бойынша, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарын

тиісінше орындау бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада қорытынды қалыптастырылады, олардың біреуі қол қойылған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде қызмет берушіге жіберіледі.

13. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны анықталған кезде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарына сәйкес қызмет берушіге тұрақсыздық айыбын қолданады.

## **2-параграф. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу тәртібі**

14. Қор Қазақстан Республикасының азаматтарына медициналық қызметтер (көмек) көрсетуге шарт жасасқан шетелдік медициналық ұйымдардан басқа, ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызмет берушілерден көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № ҚР ДСМ-45 бекітілген бұйрығының Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емдеуге жіберу және (немесе) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде отандық медициналық ұйымдарда емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту қағидаларының 19-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22866 болып тіркелген) жүзеге асырады.

15. ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг ДСМАЖ және МАЖ-да және (немесе) қызмет берушіге барып, пациенттерге сұрау салу арқылы, оның ішінде телекоммуникация құралдарын (байланыс құралдарын) пайдалана отырып, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың шеңберінде қызмет берушіден ТМҚКК шеңберінде бастапқы медициналық құжаттаманы және бастапқы бухгалтерлік құжаттарды сұрату арқылы жүргізіледі.

Қызмет берушіге барған кезде ДСМАЖ және (немесе) МАЖ-ға енгізілген ақпаратпен пациенттің медициналық ақпаратының дұрыстығын іріктеп бағалау жүргізіледі.

16. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемінің мониторингі мынадай түрлермен қамтамасыз етіледі:

- 1) ағымдағы;
- 2) жоспардан тыс;
- 3) белсенді;
- 4) нысаналы;
- 5) өлім және қайтыс болу жағдайлары.

17. Алдағы мониторинг жүргізу туралы хабарлама жеткізушіге хабарлама жіберілмейтін жоспардан тыс мониторингтен басқа, кемінде 1 (бір) жұмыс күні бұрын беріледі.

Хабарламалар мынадай тәсілдердің бірімен жіберіледі:

- 1) МАЖ-да электрондық түрде;
- 2) электрондық түрде электрондық құжат айналымы арқылы немесе алғаны туралы хабарламасы бар электрондық пошта арқылы;
- 3) қағаз түрінде қолма-қол немесе қызмет берушінің курьеріне;
- 4) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы қағаз түрінде.

Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемінің мониторингін тоқтата тұру немесе ұзарту туралы қызмет берушіге хабарлама сатып алу шарты жасалған денсаулық сақтау субъектісінің қызметін тоқтата тұру туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде немесе Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (көлікте), сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың ведомстволық объектілерінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің шектеу іс-шараларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында және (немесе) қызмет берушінің базасы орналасқан өңірде төтенше жағдайлар кезінде, төтенше жағдай режимін және басқа да шектеулерді енгізу туралы шешімімен еркін қозғалу, қажет болған жағдайда қызмет берушінің базасына бару үшін беріледі.

18. Медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасының мониторингі қызмет берушінің медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарының, медициналық көмек көрсету қағидаларының, сондай-ақ клиникалық хаттамалардың талаптарын сақтауы тұрғысынан жүргізіледі.

19. Медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) көлемінің мониторингі көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген талаптарға сәйкес медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) көлемінің орындалуын сақтау мәніне жүргізіледі.

20. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу үшін қор тәуелсіз сарапшыларды, сондай-ақ мынадай жағдайларда бейінді мамандарды тарту қағидаларының 9-тармағына сәйкес тәуелсіз сарапшыларды тартады:

- 1) Кодекстің 7-бабының 60) тармақшасына сәйкес шетелдік клиникаларға жіберілген шетел клиникаларында өлім жағдайларын, сирек кездесетін аурулармен емделген жағдайларды, жоғары мамандандырылған емделген жағдайларды (клиникалық жоспарда), асқынулармен емделген жағдайларды, Қазақстан Республикасы азаматтарының өлім жағдайларын қарау кезінде, сондай-ақ нақты шығыстар үшін



көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу кезінде медициналық көмектің сапасын растау қажеттігі;

2) көрсетілген медициналық қызметтердің жоспарлы, жоспардан тыс, нысаналы, проактивті мониторингтерін жүргізу;

3) азаматтық процестің тарабы ретінде қатысу.

21. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу кезінде қор көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалмауы және (немесе) тиісінше орындалмауы және БАЖ-ға сәйкес медициналық көмек көрсету ақауларын анықтау жөнінде іс-шаралар жүргізеді.

22. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемінің мониторингі шарттық міндеттемелерге сәйкес тұрақты негізде жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша Ақы төлеу қағидаларының 4-тармағына сәйкес қызмет берушілерге қызметтерге ақы төлеу жүргізіледі.

23. Егер қордың қызметкері мониторинг жүргізілетін медициналық көрсетілетін қызметтерді (көмекті) берушіге қатысты үлестес тұлға болып табылса, мониторинг жүргізуге қатыспайды.

24. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасына және көлеміне мониторинг жүргізу кезінде қор қызметкерінің қызмет берушінің өндірістік базасында болуы он жұмыс күнінен аспайды.

Нысаналы және белсенді мониторинг жүргізу мерзімдері мен кезеңі келу жоспарларымен айқындалады.

25. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемі мониторингінің нәтижелері бойынша медициналық көрсетілетін қызметтің түрлері мен медициналық көмектің түрлері бойынша БАЖ-ға сәйкес қызмет берушіге төленуге жататын соманы азайту үшін негіз болып табылатын медициналық көмек көрсетудің ақаулары анықталады.

26. Көрсетілген қызметтерге ақы төлегеннен кейін мониторинг кезінде анықталуы мүмкін емес ақаулар анықталған және қызметтерді сатып алу шартының талаптары орындалмаған және (немесе) тиісінше орындалмаған жағдайда (жасырын кемшіліктер) қор бұл туралы қызмет берушіге жасырын кемшілік анықталған күннен бастап бір айдың ішінде хабарлайды және БАЖ-ға және қызметтерді сатып алу шартының талаптарына сәйкес экономикалық ықпал ету шараларын қолданады.

27. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін немесе қолданыстағы көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының төленген кезеңінде анықталған республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшерінен асатын сомада кемістігі бар 5.0 ақау коды бойынша медициналық көмек көрсетудің ақаулары анықталған кезде қор қорытындыға қол қойған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ақпарат құқық қорғау органдарына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылу кезеңінде мониторинг жүргізу кезінде кейінгі айлар ішінде анықталған республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 еселенген мөлшерінен асатын сомаға кемістігі бар 5.0 ақау коды бойынша медициналық көмек көрсету ақауларын қайта анықтау осы әкімшілік-аумақтық бірлікте көрсетілетін қызметтерді жалғыз жеткізуші болып табылатын денсаулық сақтау субъектілерімен жасалған шарттарды қоспағанда, Қордың көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын мерзімінен бұрын бұзуы үшін негіз болып табылады.

28. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелер мониторингінің қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды қалыптастырылады.

Медициналық көрсетілетін қызметтерді (көмекті) сатып алу шартын тиісінше орындау бойынша жүйелі бағалау қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды қалыптастырылады.

АБЖ кіші ақаулары бар 5.0 ақау бойынша қызмет берушілер көрсететін медициналық қызметтердің (көмектің) сапасының бұзылғаны анықталған жағдайда медициналық қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелердің мониторингінің қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшамен қатар 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды қалыптастырылады.

Қорытындыларға мониторинг жүргізген қордың қызметкері (қызметкерлері) қол қояды және мынадай тәсілдердің бірімен танысу үшін қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қызмет берушіге жіберіледі:

- 1) МАЖ-да электрондық түрде;
- 2) электрондық түрде электрондық құжат айналымы арқылы немесе алғаны туралы хабарламасы бар электрондық пошта арқылы;
- 3) қағаз түрінде қолма-қол немесе қызмет берушінің курьеріне;
- 4) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы қағаз түрінде.

Ағымдағы мониторинг жүргізу кезінде қорытындылар қалыптастырылмайды.

29. Мониторинг жүргізу кезінде ЕКД сәйкес медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің анықталған ақаулары ағымдағы кезеңде төлем жасау кезінде ескеріледі.

30. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптары орындалмаған және (немесе) тиісінше орындалмаған жағдайда қор көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының талаптарына сәйкес қызмет берушіге тұрақсыздық айыбын қолданады.

31. Медициналық қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелердің мониторингін жасасумен келіспеген кезде қызмет беруші қарсылықпен қорытындыға қол қояды, және қор филиалының мекенжайына келесі тәсілдердің бірімен қорытындыға қол қойылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей қарсылықтар тізбесін жібереді:

- 1) электрондық түрде электрондық құжат айналымы арқылы немесе алғаны туралы хабарламасы бар электрондық пошта арқылы;
- 2) қағаз түрінде қолма-қол немесе қызмет берушінің курьеріне;
- 3) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы қағаз түрінде.

Қызмет беруші қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарсылық білдірмеген жағдайда, қорытынды қызмет берушімен келісілген және қабылданған болып есептеледі.

Қор филиалы ұсынылған қарсылықтарды 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарайды және қызмет берушіге дәлелді жауап жібереді.

Қызмет беруші қарсылықсыз қорытындыға қол қойған кезде қорытынды қабылданды деп есептеледі.

Қызмет беруші дәлелді жауаппен келіспеген жағдайда, мониторинг нәтижелеріне қызмет беруші медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органға шағым жасайды.

32. Қызмет берушінің рұқсат беру және құқық белгілеу құжаттарының болуы бойынша ақпарат алу үшін қор мемлекеттік ақпараттық жүйелерде деректерді іздеуді жүзеге асырады және (немесе) қызмет берушіден құжаттарға сұрау салуды жүргізеді.

Қызмет беруші көрсететін қызметтердің тиісті объектіге арналған медициналық лицензияға қосымшаға және (немесе) иондаушы сәуле шығаратын аспаптар мен қондырғыларды пайдалануға арналған тиісті объектіге арналған лицензияға қосымшаға сәйкестігіне мониторингті (қажет болған жағдайда) қор мониторинг жүргізу кезінде медициналық көмек көрсету шарттары және (немесе) медициналық көмек көрсету түрлері бойынша жүргізеді.

Бұл ретте қор тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден, "Электрондық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЭҮШ) арқылы және цифрлық құжаттар сервисінен мәліметтер алады:

Медициналық қызметке арналған лицензияның және иондаушы сәуле шығаратын аспаптар мен қондырғыларды пайдалануға арналған лицензияның (тиісті объектіге арналған лицензияға қосымшаның) болуы туралы (қажет болған жағдайда);

2015 жылдан кейін оқуын аяқтаған көрсетілетін қызметті алушылар үшін жоғары медициналық білімнің болуы туралы;

2015 жылдан кейін оқуын аяқтаған көрсетілетін қызметті алушылар үшін орта (техникалық және кәсіптік), орта білімнен кейінгі медициналық білімнің болуы туралы; өтініш берілген мамандық бойынша қолданыстағы маман сертификатының болуы туралы;

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес мәлімделетін қызмет кіші түрлеріне сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат туралы (ЭҮШ-те қызметкерлердің бейіндері және еңбек шарттарын есепке алу туралы мәліметтер болған жағдайда);

медициналық көрсетілетін қызметті жүзеге асыру жоспарланып отырған үй-жайға (ғимаратқа) санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы және сәйкестігі туралы (ЭҮШ болған жағдайда).

ДСМАЖ-дан (атап айтқанда, медициналық техниканы басқару жүйесінен (бұдан әрі-МТБЖ) мәліметтер алады:

медициналық техниканың атауы;

медициналық техниканы енгізу күні;

медициналық техниканың тозу пайызы;

жұмыс істейтін, жұмыс істемейтін, жөндеу қажет, резервте, жөндеуде, басқа;

медициналық техникаға паспорттың болуы (МТБЖ-да болған жағдайда);

медициналық техникаға сервистік қызмет көрсетуге арналған шарттың болуы немесе тиісті медициналық техникаға сервистік қызмет көрсетуге рұқсаты бар штатта медициналық техниктің болуы (МТБЖ-да болған кезде).

33. Қор көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылуы аяқталғаннан кейін медициналық көмектің сапасы мен көлемі мониторингінің қорытындылары бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын өзектендіру үшін осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының қолданылу кезеңінде әрбір қызмет беруші бойынша жүргізілген барлық мониторингтер туралы ақпараты бар қызмет берушілердің тізілімін қалыптастырады.

34. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу осы өтініш бойынша жоспардан тыс мониторинг жүргізу сәтінде өтініш берушінің өтінішін кері қайтарып алуды тіркеу кезінде тоқтатылады, бұл ретте сапа мен көлемнің анықталған ақаулары бойынша БАЖ-дың 8,0 – "Негізделген шағым" ақауын қоспағанда, қызмет берушіге төленуге жататын соманы азайту қолданылады.

35. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу тоқтатыла тұрады:

1) Егер қызметтерді сатып алу шарты жасалған денсаулық сақтау субъектісінің қызметін тоқтата тұру туралы заңды күшіне енген сот шешімі болса;

2) Егер Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (көлікте) бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың ведомстволық объектілерінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу туралы шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында және (немесе) қызмет берушінің базасы орналасқан өңірде, төтенше жағдайлар кезінде, төтенше жағдай режимін және еркін жүріп-тұруға басқа да шектеулерді енгізу кезінде, қажет болған жағдайда қызмет берушінің базасына бару қажет болған кезде қаулысы болса.

36. Медициналық қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу ұзартылады:

1) Егер қызметтерді сатып алу шарты жасалған денсаулық сақтау субъектісінің қызметін тоқтата тұрудың күшін жою туралы заңды күшіне енген сот шешімі болса;

2) Егер Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (көлікте) бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың ведомстволық объектілерінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу туралы шешімімен Қазақстан Республикасының аумағында және (немесе) қызмет берушінің базасы орналасқан өңірде, Төтенше жағдайлар кезінде, төтенше жағдай режимін және еркін жүріп-тұруға басқа да шектеулерді енгізу кезінде, қажет болған жағдайда қызмет берушінің базасына бару қажет болған кезде қаулысы болса.

37. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтар бойынша ақпарат құзыреті бойынша шаралар қабылдау үшін сондай-ақ медициналық көмек көрсету кезінде қызмет берушілердің бұзушылықтарының профилактикасына бағытталған іс-шараларды орындау бойынша ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына жіберіледі.

38. Медициналық көмек көрсету кезінде қызмет берушілердің бұзушылықтарының профилактикасына бағытталған іс-шаралардың орындалуы бойынша ақпаратты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары қорға орындалуына қарай ұсынады.

39. Қор тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі 30-шы күнге дейін медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органға қызмет берушіге әкімшілік ықпал ету шараларын талап ететін мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетілгеннен кейін пациенттерде қолайсыз нәтижелерге әкеп соққан анықталған бұзушылықтар бойынша ақпарат жібереді.

### **3-параграф. Ағымдағы мониторинг**

40. Медициналық көрсетілетін қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемінің мониторингі:

1) МАЖ-да көрсетілген медициналық қызметтердің (көмектің) БАЖ-дан ақаулар беріле отырып;

2) ДСМАЖ-та қызмет берушінің есепті кезеңде медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) көлемінің орындалуын мониторингтеу жолымен;

3) бастапқы медициналық құжаттаманы қағаз жеткізгіштерде зерделеу, МАЖ-ға енгізілген медициналық ақпаратты бастапқы медициналық құжаттамамен салыстырып тексеруді және шарттық міндеттемелерді орындау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету мақсатында өзге де іс-шараларды жүзеге асыру үшін қызмет берушіге бару арқылы жүзеге асырылады.

41. Қор ағымдағы мониторинг кезінде ДСМАЖ және МАЖ-да қызмет беруші көрсеткен медициналық көрсетілген қызметтердің (көмектің) сапасы мен көлемін бағалауды ФЛБ белгілеген ақауларды растай немесе қабылдамай, сондай-ақ БАЖ-дан ақауларды бере отырып жүргізеді.

42. Есепті кезеңде медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) көлемінің орындалу мониторингі медициналық қызметтер (көмек) көрсетуге арналған сомаларды ай сайын бөлуге сәйкес жүргізіледі.

